

пед. кеңес

БҮЙРЫҚ № 1

27.08.2023ж.

«Педагогикалық кеңес құрамын жасақтау туралы»

2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі ұйымдастыру мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:

1. Педагогикалық кеңестің құрамы төмендегідей құрамда бекітілсін:
 - 1)Төрайымы : Тұрмағамбетова Ш.С.
 - 2) Хатшысы : Рахимова А.К.
 - 3)Мүшелеріі: балабақша педагогтері мен мамандары.
2. Педагогикалық кеңес өз қызметін бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырсын.
3. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары белгіленген тәртіппен және уақытылы жүргізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Нұрсая» балабақша меңгерушісі



Ш.С. Тұрмағамбетова.

«Бекітемін»
«Нұрсая» балабақшасы
басшысы Ш.С.Тұрмағамбетова



2023-2024 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	түрі	мерзімі	жауапты
1	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Жаңа оқу жылы – білімге жол» 1. Жаңа оқу жылындағы 2023-2024 әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру. 2. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстарын талдау 3. Бекіту: «Балақай» балабақшасының жылдық жоспары. -Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша базистік және барлық ҰОҚ-нің кестесін құру, перспективалық жоспарларын талқылау, бекіту. №1 Педкеңесті шешімі, №2 Педкенеске тапсырма	Бағыттаушы педагогикалық кеңес	тамыз	Меңгеруші, әдіскер
2	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналармен бірлескен қызметті жандандыру» 1. Ата-аналармен жүргізілетін негізгі жұмыс түрлері. 2. «Тәрбиеленушілердің отбасымен өзара іс-қимылдарын арттыру жолдары» 3. «Ата-аналармен өзара тиімді жұмыстар атқару әдісі» жұмыс тәжірибесінен 4. «Отбасылармен бірлескен іс-әрекет бойынша сауалнамалардың	Коучинг Шеберлік сағат Шыңармашылық іс-тәжірибе баяндама	қараша	Әдіскер Ересек топ тәрбиешілері Тәрбиеші

	жұмыс қортындысы			
	5.№2 педкөрсестің шешімі №3 педкөрсестің тапсырма	ұсыныстар, талқылау		менгеруші
3	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту» 1.«Балалардың қиялына ұқанат бітірген, ұмытылған бұйымға жан бітірген» тақырыбындағы көрме 2. Ертегілер арқылы балалар шығармашылығын дамыту (фелтинг технологиясы бойынша) 3.«Сикырлы фелтинг» ұмыт қалған қолөнерге оралу 4.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің ағымдағы жағдайы,міндеттері және жұмыс бағыттары » 5.№3 педкөрсестің шешімі №4 педкөрсестің тапсырма	Көрме (тәжірибелік алаң бойынша) Тәжірибелік көрініс Презентация Презентация Талқылау, ұсыныстар	Қаңтар	Шығармашылық папкалары
4	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту жолдары» 1.Аттестатталушы педагогтардың жиынтық папкалары 2. «Фелтинг технологиясы балалар әлемінде» 3. Қимылды ойындар арқылы баланың денсаулығын нығайту (Фелтинг технологиясы бойынша) 4.Ертегілер арқылы балалар шығармашылығын дамыту (Фелтинг технологиясы бойынша) «Әлеумет»білім беру саласы арқылы балалар шығармашылығын	Көрме Презентация Баяндама Шеберлік сынып	Наурыз	Шығармашылық папкалары
				Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
				Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

	дамыту (Фелтинг технологиясы бойынша) 6.№4 педкеңестің шешімі №5 педкеңеңке тапсырма	Дөңгелек үстел		
5.	5. Педагогикалық кеңес тақырыбы: « Шығармашыл педагогтің шығар биігі көп» 1.2023-2024 оқу жылындағы жылдық тапсырманың орындалуы 2. «Біздің жетстігіміз!» тәрбиешілер мен мамандардың жылдық қортынды есебі 3.Мониторнг жүйесі негізінде балалардың құзырыеттілік деңгейі 4.Жаңа оқу жылы бойынша аттестациядан өтуге үміткер педагогтердің құрамын таныстыру 5.Жазғы сауықтыру-шынықтыруы жұмыстарын ұйымдастырудың жоспарымен таныстыру №5 педагогикалық кеңестің шешімі	Қортынды педагогикалық кеңес Есеп Есеп Есеп ақпарат	мамыр	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

**«ИП Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№1 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

27.08.2023ж

Қатысты-3 педагог
Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылы- білімге апарар жол»

Мақсаты: Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында балабақша жүйесінің негізгі басым бағыттарын айқындау.

Күн тәртібінде :

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талдау туралы
менгеруші Ш.С. Тұрмағамбетова

2. Жазғы сауықтыру- шынықтыру іс-шараларының қорытындысы туралы.

3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты туралы

Әдіскер Ш.С. Тұрмағамбетова

4. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:

-отпелі тақырыптарын;

-күн тәртібін;

-ҰІӨ-і кестесін;

Тәрбиеші құжаттамасының тізбесі:

1) Қатысу кестесі;

2) «Балалардың әлеуметтік картасы»журналы;

3) Жылдық перспективалық жоспар;

4) Циклограмма (аптаға циклограмма)

5) Диагностика материалдары : Бақылу парағы,баланың дамуының жеке картасы;

6) Топтардағы ата-аналар жиналысының жоспары туралы.

5. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту туралы

6. Ағымдағы мәселелер:

1) Балабақшада өткізілетін бағалау өлшемшартын оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарды педагогтарға түсіндіру жұмыстары туралы ;

2) Кәсіби қызметтің нәтижелілігін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы срежені бекіту.

Тыңдалды: бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова сөз алып, 2023-2024 оқу жылының басталуымен барлық педагогтарды құттықтай отырып, жұмыстарына сәттілік тіледі.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Шолпан Сәндібекқызы жазғы сауықтыру –шынықтыру кезеңіндегі іс-шаралардың жүзеге асырылу деңгейімен таныстырды.

Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қарқынды, өз уақытында ұйымдастырылып өткізілгендігін атап өтті. *(қорытынды есеп қоса тіркелді)*

Үшінші мәселе бойынша: балабақша менгерушісі Ш. Тұрмағамбетова Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды. Жаңа оқу жылындағы тәрбиелеу - оқыту үрдісіндегі жаңалықтарды баса назарға алып талдау жасады (баяндама қоса тіркелді).

Төртінші мәселе бойынша тыңдалды:

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу –оқыту жұмысының жоспарымен таныстырды. Мақсат-міндеті айқындалып, талқыланды.

Педагогтердің жас ерекшеліктеріне сай перспективалық жоспарлары талқыланып, бекітілді:

- оқу жоспарлары, ҮІӨ-і кестесі;
- педагог-психолог жұмыс жоспары;
- перспективалық жұмыс жоспарлары;
- күн тәртібі кестесі.

Сондай-ақ мамандар үшін ешқандай циклограммалар талап етілмейді, дегенменде жас ерекшеліктеріне сай музыка жетекшісінің перспективалық жоспары мен циклограммалары болуы тиісті.

Бесінші мәселе бойынша тыңдалды: 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстырды. Мақсат-міндеттері айқындалып, талқыланды. Айтылған ұсыныстар мен пікірлер қабылданды.

Алтыншы мәселе бойынша тыңдалды: Әдіскер Ш.С. Тұрмағамбетова келесі мәселе бойынша балабақша педагогтары бес сала бойынша күнделікті өткізілетін оқу қызметінде жеке жұмыстар арқылы ойлау қабілеттеріне дұжыммен және жеке жұмыс жасаудағы дағдыларына аса назар аударып, қосымша жұмыс түрлерін жүргізу керектігін айтып өтті.

ШЕШІМІ:

- 1)№5 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы «қанағаттандырарлық»деп есептелсін;
- 2)Күн тәртібінің 2,3, және 4-ші мәселелері назарға алынып;
- 3)2023-2024 оқу жылына арналған жылыдық жоспар бекітілсін. Жауапты: балабақша әдіскері,; барлық педагогтер;
- 4) балабақшадағы ағымдағы мәселелер бойынша жұмыстар жүргізілсін. Жауапты әдіскер,; педагогтер;
- 5) Шешімінің жобасын бекіту және шығармашылық топ әдістемелік сүйемелдеу бойынша тәрбиешілеріге көмек ккрсету және №2 педагогикалық кеңеске матеиалдар жинау.

Жауапты : басшы Ш.С. Тұрмағамбетова.

Төрайымы
Хатшы



Ш.С.Тұрмағамбетова
А.К.Рахимова

**«ИП Архат» «Нурсая» жеке балабақшасының
№2 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

28.11.2023ж

Қатысты- 3 педагог
Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналармен бірлескен қызметті жандандыру.

Күн тәртібі:

- 1.Ата-апамен жүргізілетін негізгі жұмыс түрлері.
- 2.Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимылдарын арттыру жолдары.
- 3.Ата-аналармен өзара тиімді жұмыстар атқару әдістері (жұмыс тәжірибесінен)
- 4.Отбасыларымен бірлескен іс-әрекет бойынша сауалнамалардың жұмыс қорытындысы.
- 5.Қорытынды және ұсыныстар.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова ата-аналармен жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, ата-аналар жиналыстары, жеке кеңестер, сауалнамалар, анық есік күндері, мерекелік іс-шаралар және заманауи ақпараттық платформаларды пайдалану арқылы өзара байланысты нығайту жолдары түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша:

Ерсек топ тәрбиешілері Г.Ш. Кажгалиева, тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимылды арттырудың тиімді тәсілдерімен бөлісті. Отбасылық жобалар, бірлескен мерекелер, шығармашылық көрмелер мен спорттық шаралардың маңыздылығы атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші А.К.Рахимова ата-аналармен тиімді жұмыс жүргізудегі өз тәжірибесін ұсынды. Топтағы тәрбиеленушілердің ата-аналарын түрлі іс-шараларға тарту арқылы оң нәтижелерге қол жеткізілгенін баяндады.

Төртінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Г.Ш. Кажгалиева жүргізілген сауалнамалардың қорытындысын таныстырды. Сауалнама нәтижелері бойынша ата-аналардың көпшілігі балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастыққа қанағаттанатыны анықталды. Сонымен қатар, кейбір ата-аналарға қосымша кеңестер мен ақпараттық қолдау қажет екендігі көрсетілді.

ШЕШІМІ:

- 1.Ата-аналармен өзара әрекеттестіктің заманауи және тиімді формаларын жүйелі түрде қолдану;
- 2.Әр топта отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайтуға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- 3.Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру мақсатында кеңестер, тренингтер және шеберлік сабақтарын ұйымдастыру;
- 4.Сауалнама нәтижелерін ескере отырып, ата-аналардың ұсыныстары негізінде жұмыс жоспарына толықтырулар енгізу;

5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды әдіскерге жүктеу.

Төрайымы
Хатшы



Ш.С. Тұрмағамбетова
А.К. Рахимова

**«III Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№3 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

30.01.2024ж

Қатысты-3 педагог

Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту»

Күн тәртібі:

- 1.«Балалардың қиялына қанат бітірген, ұмытылған бұйымға жан бітірген» тақырыбындағы көрме,
2. «Ертегілер арқылы балалар шығармашылығын дамыт» (фелтинг технологиясы бойынша);
3. «Сиқырлы фелтинг»-ұмыт қалған қолөнерге оралу;
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің ағымдағы жағдайы, міндеттері және жұмыс бағыттары»
5. «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеудің рөлі»
- 6.№3 педагогикалық кеңестің шешімі және №4 педагогикалық кеңеске тапсырмалар.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова және «Айналайын» ересек тобының тәрбиешілері балалар мен ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылған шығармашылық көрменің нәтижелерімен таныстырды. Көрмеде тұрмыстық қалдықтар мен пайдаланылмайтын заттардан жасалған қолөнер бұымдары ұсынылды. Көрме балалардың шығармашылық ойлауын, қиялын және еңбекке қызығушылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Екінші мәселе бойынша : Тәрбиеші А.К.Рахимова фелтинг технологиясын қолдану арқылы ертегілер желісі негізінде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тәжірибесімен бөлісті. Іс-тәжірибе барысында балалардың қиялы, тіл байлығы және жеңіл саусақ моторикасы дамитыны атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша : Тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева «Сиқырлы фелтинг- ұмыт қалған қолөнерге оралу» тақырыбында презентация ұсынып, жүннен бұйым жасау өнерінің тәрбиелік және дамытушылық маңызын түсіндірді.

Төртінші мәселе бойынша : Әдісер Шолпан Сәндібекқызы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің қазіргі жағдайы, негізгі міндеттерімен, алдағы жұмыс бағыттары туралы баяндама жасады. Педагогтерге білім беру сапасын арттыру бойынша ұсыныстар айтып, түсіндірілді.

Бесінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық бағытта тәрбиелеудің маңыздылығы туралы баяндама жасады. Балалардың табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруда ойын, бақылау, тәжірибе және табиғат бұрышындағы жұмыстардың тиімділігі айтылды.

Шешімі:

1. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында дәстүрлі емес технологияларды жүйелі түрде қолдану;
2. Фелтинг технологиясын топтардың жұмыс жоспарына енгізу және тәжірибе

алмасуды ұйымдастыру:

- 3.Балалардың шығармашылық жұмыстары бойынша тұрақты көрмелер өткізу;
- 4.Экологиялық тәрбие бойынша іс-шаралар жоспарын толықтыру;
- 5.Ата-аналарды шығармашылық және экологиялық жобаларға белсенді қатыстыруға тарту;
- 6.Қабылданған шешімдердің орындалуын әдіскердің бақылауына беру.

Төрайымы
Хатшы

Ш.С. Тұрмағамбетова
А.К.Рахимов

**«ІІІ Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№4 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

28.03.2024ж

Қатысты-3 педагог
Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту жолдары»

Күн тәртібі:

- 1.«Фелтинг» технологиясы балалар әлемінде»
- 2.Қимылды ойындар арқылы баланың денсаулығын дамыту(фелтинг технологиясы бойынша)
- 3.Ертегілер арқылы балалар шығармашылығын дамыту (фелтинг технологиясы бойынша)
4. «Әлеумет» білім беру саласы арқылы балалардың шығармашылығын дамыту (фелтинг технологиясы бойынша)
- 5.№4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу барысына талдау жасау және №5 педагогикалық кеңеске тапсырмалар беру.

Тыңдалды :

Тәрбиеші А.К. Рахимова Фелтинг технологиясы балалар әлемінде» тақырыбында презентация жасап,жүнмен жұмыс істеу технологиясының балалардың шығармашылық қабілеттерін , ұсақ қол моторикасын және эстетикалық талғамын дамытудағы маңызын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша :

Әдіскер Ш.С. Тұрмағамбетова «Қимылды ойындар арқылы баланың денсаулығын дамыту» тақырыбында баяндама жасап,денсаулық сақтау технологияларын қолданудың тиімді жолдарын көрсетті. Қимылды ойындардың балалардың физикалық дамуына әсері талданды.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева шеберлік сыныбын өткізіп,ертегілер желісі арқылы фелтинг технологиясын пайдалану жолдары мен әдістерін көрсетті. Педагогтер тәжірибелік тапсырмалар орындап,жаңа жұмыс тәсілдерімен танысты

Төртінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші А.К. Рахимова «Әлеумет» білім беру саласы арқылы балалардың шығармашылығын дамыту бағытында жүргізілген жұмыстармен таныстырып, әлеуметтік ортада қарым-ақатынас жасау дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдістерімен бөлісті.

ШЕШІМІ:

- 1.Фелтинг технологиясын тәрбиелеу-оқыту процесінде жүйелі түрде қолдану.
- 2.Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған шеберлік сабақтары мен көрмелерді тұрақты ұйымдастыру;

3. Денсаулық сақтау технологиялары мен кимылды ойындарды күнделікті жұмыс барасында кеңінен қолдану;
4. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша шығармашылық жұмыстардың мақмұныны жетілдіру
5. Аттестатталушы педагогтердің озық тәжірибелерін ұжым арасында тарату.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды әдіскерге жүктеу.

Төрайымы
Хатшы



Тұрмағамбетова Ш.С.
Рахимова А.К.

**«ИП Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№5 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

30.05.2024ж

Қатысты-
Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Шығармашыл педагогтің шығармашылығы»

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылындағы жылдық тапсырманың орындалуы
2. «Біздің жетістігіміз!» тәрбиешілер мен мамандардың жылдық қортынды есебі
3. Мониторинг жүйесі негізінде балалардың құзыреттілік деңгейі
4. Жаңа оқу жылы бойынша аттестациядан өтуге үміткер педагогтердің құрамын таныстыру
5. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың жоспарымен таныстыру,

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова барлық педагогтерді 2023-2024 оқу жылының аяқталуымен құттықтап, ақтілектерін арнап, педагогикалық кеңесті ашып берді.

Бірінші мәселе бойынша: балабақша әдіскері Шолпан Сәндібекқызы 2023-2024 оқу жылына қойылған жылдық міндеттердің орындалу қорытындыларымен таныстырды. Жыл бойы атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелер талданып, алға ұйылған мақсатрадың басым бөлігі орындалғандығын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша: барлық педагогтер «Біздің жетістігіміз» тақырыбында жылдық есептерін ұсынды. Есеп барысында оқу жылы ішінде өткізілген іс-шаралар байқаулардағы жетістіктер тәрбиеленушілердің шығармашылық және танымдық даму нәтижелері көрсетілді.

Үшінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева мониторинг нәтижелерін таныстырып, тәрбиеленушілердің құзырттілік деңгейіне талдау жасады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік дағдыларының қалыптасу деңгейі анықталып, қорытынды көрсеткіштер ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша: Әдіскер Ш.С. Тұрмағамбетова жаңа оқу жылында аттестаттаудан өтуге өтініш білдірген педагогтердің тізімімен таныстырып, аттестаттау талаптары мен құжаттарды рәсімдеу тәртібі туралы ақпарат берді.

Бесінші мәселе бойынша:

балабақша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру жоспарымен таныстырды. Жаз мезгілінде өткізілетін сауықтыру –шынықтыру, спорттық және танымдық іс-шаралар барысында қауіпсіздік

ережелерін қатаң сақтауды, қауіпсіздікті қадағалауды ескертіп айтып өтті.

Сөйлегендер: Педагогтер оқу жылының қорытындылары бойынша пікір аламсып, қол жеткізілген нәтижелер мен алдағы оқу жылындағы басым бағыттарды талқылады. Балалардың құзыреттілігін дамыту мен педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру жөнінде ұсыныстар енгізілді.

Шешімі:

1. 2023-2024 оқу жылындағы жылдық жоспардың орындалуы «қанағаттанарлық» деп танылсын;
2. Педагогтердің озық тәжірибелері жинақталып, келесі оқу жылында тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылысын;
3. Балалардың құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында мониторинг нәтижелері негізінде түзету жұмыстары жоспарлансын.
4. Аттестаттаудан өтетін педагогтерге қажетті әдістемелік көмек көрсетілсін.
5. Жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңінің жоспары бекітіліп, қауіпсіздік талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін.
6. Жаңа оқу жылына арналған міндеттер мен жұмыс бағыттары айқындалсын.
7. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Төрайымы
Хатшы



Тұрмағамбетова Ш.С.
Рахимова А.К.